

**Ғ. Әнес** 

Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы, Қазақстан  
e-mail: anesg@mail.ru

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ (БАСТАУЫШ МЕКТЕП. «ӘЛПШЕ». ОҚУЛЫҚ)**

**Аннотация.** Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық еңбектері талданады. Ұлттың ұлы ұстазы қазақ топырағында алғаш дүниеге келген бұл ізденісті ізашар еңбектерінде әрбір ғылыми ұғым-түсінікке атаулық мән берілген, қазақ тіл білімі мен әдебиеттанымның тұтас терминдік жүйесін қалыптастырды.

**Тірек сөздер:** дәстүрлі ұлттық мектеп, ұлттық оқу-ағарту жүйесі, бастауыш мектеп, ана тілі.

**Г. Анес**

Директор Музея «Жертв политических репрессий»,  
доктор филологических наук, профессор, Алматы, Казахстан  
e-mail: anesg@mail.ru

### **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ (НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА. «АЛФАВИТ». УЧЕБНИК)**

**Аннотация.** В статье анализируются педагогические произведения Ахмета Байтұрсынұлы. В новаторских работах родившегося на казахской земле великого учителя нации каждому научному понятию придавалось номинальное значение, формировалась целостная терминологическая система казахского языкознания и литературоведения.

**Ключевые слова:** традиционная национальная школа, национальная система образования, начальная школа, родной язык.

**G. Anes**

Director of the Museum of Victims of Political Repressions  
Doctor of Philological Sciences, Professor, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: anesg@mail.ru

### **PEDAGOGICAL WORKS OF AKHMET BAITURSYNULY (PRIMARY SCHOOL. «ALPHABET». TEXTBOOK)**

**Annotation.** The article analyzes the pedagogical works of Akhmet Baitursynuly. In the innovative works of the great teacher of the nation, who was born on the Kazakh land, each scientific concept was given a nominal value, and the integral terminological system of Kazakh linguistics and literary studies was formed.

**Keywords:** traditional national school, national education system, primary school, native language.

Бірден басын ашып алар ақиқат – көшпелі қазақ қоғамында дәстүрлі ұлттық мектеп, оқу-ағарту жүйесі болған емес. Мұсылманша оқуды отырықшы татар ағайындардан сіндірсек, заманауи (өркениетті) білімді орыс отаршылдарының бұратана халықтарға (оның ішінде қазақ та бар) осы қажет-ау деген өзіне пайдалы дозасы дәрежесінде ғана тұтындық. Сол себепті де біздің оқу-ағарту жүйеміз өткен ғасырларда да, жаппай бәріміз сауаттанған кеңес заманында да, тіптен бүгінгі таңда да қалыпқа түсе алмады; білім жүйесінің жаңа моделін жасай алмай, шарқ ұрудамыз. «Реформадан көз аспаған Білім министрлігі» деген жақауратқан, жауыр болған өкініштің астарында ұлттық мемлекет құруға деген талпынысымыздың сәтсіздігі жатқанын, ал ұлттық мемлекет құрылмаса, ұлттық оқу-ағарту жүйесі де қалыптаспайтындығына енді-енді көзіміз жете бастағандай.

Өткен ғасыр басында алашшыл Ахметтер зар қылады: «Хүкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хүкіметке ұнамды іс болмақ» [1]. Қолы ұзын, мойны озық Россияға бұлай болмасын деп дау айтар кім бар?!. Тіптен неге өкпелесіп, тонымызды өртеуіміз керек, ол империяның өзіндік ішкі ісі, биліктің ұлық мақсат-мүддесі емес пе? Қайта біз рахмет айтуымыз керек: қазақтың көзі ашылды, ақ патшаға заманына сай тілмаш, старшын-болыстар дайындалды. Биліктің он ойланьп, жүз толғанып тапқан «ғасыр жаңалығы» – «русская-киргизская туземная школа»-ға шексіз мадақ айтқанымыз жөн-ақ. Өйткені, қос тілді, қос дінді (шәкірттер екіге жарылып, бірі Құранды жаттаса, бірі «Боже, Отче наш»-ты айтатын) бұл жүйе ғасырлық сынақтан өтті, өзінің өміршендігін, қазақ үшін әбден ділгірлігін дәлелдеді. Әйтпесе бүгінгі самсаған аралас-құралас мектептер баяғыда жойылып-ақ кетпес пе еді!?

Бір ғасыр бұрын өзі шығарып отырған «Қазақ» газетінде Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы жалпақ қазаққа жар салады: «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы» [1].

Шынында да, «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек?».

## І БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Бұрынғы қазақ мектебі, дала төсіндегі оқу-ағарту жай-күйі дегенде ойымызға тиянақты ештеңе келе қоймайды. Әрі кетсе, «революцияға дейін қазақтың екі-ақ пайызы сауатты болған» деген жаттанды цифр-цитата, болмаса бала оқытқанда қолынан таяғы түспейтін надандау молда бейнесі көз алдымызға келеді.

Көшпелі қазақ қоғамындағы мектебі жайындағы орыс мұрағаттарындағы алғашқы деректер XIX ғасырдың екінші жартысына сілтейді. Яғни 1850-ші жылдардан бергі қырдағы оқу туралы там-тұмдап біле бастаймыз. Жалпы қазақта өткен ғасырларда тәртіпті бастауыш мектеп екі түрлі болған: бірі – «мақтап» (яғни, мектеп), екіншісі – «үшкөш» (яғни, школа). Өйткені, Ахаң жазады: «Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз».

Тәжірибелі мұғалім, педучилищені басқарып отырған ұстаздардың ұстазы Ахаң ғасыр басында-ақ қазаққа керек бастауыш мектептің жөн-жобасын ойластырып, құрылымын айқындап берген. Оның ойынша ұнамды бастауыш мектеп мынау:

- Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жыл боларға керек.
- Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы керек.
- Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек [Бұл арада Ресей қол астындағы қазақ қамы жатқанын ескеру керек. – Ә.Ғ.]

Қазақ бастауыш мектебі екі түрлі болады:

- Қала болған жерлерде [отырықшы қазақтар. – Ә.Ғ.], қыстауы жиын жерлерде *келіп оқитын мектептер*.

- Сирек-сирек отырған жерлерде *жатып оқитын мектептер* [интернат үлгісіндегі болса керек. – Ә.Ғ.]

Сондай-ақ, болашақ бастауыш қазақ мектебі *қыр мектебі* және *қала мектебі* болып ажыратылады. Қыр мектебінің өзі *ауыл мектебі* және *болыс мектебі* деп бөлінеді.

- Ауыл мектебі кілең қазақ тілінде оқылатын үш жылдық.

- Болыс мектебінде кілең орысша оқылатын екі жыл.

- Болыс мектебіне ауыл мектептерін бітіргендер алынады.

- Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық және бес жылдық оқу болады.

Одан әрі ағартушы «бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер» деп мыналарды атайды:

- оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп және жаратылыс жайы.

Бұл пәндер, сірә, сол заманның ең басты үйретілер білім бастаулары болса керек. Көріп отырғанымыздай, Ахаң бастауыш мектептің өзінде (бүгінгеше ұғынсақ) ұлт тарихы, шаруа-кәсіпті оқытуды ұсынады. Сонымен бірге ол бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылындағы білім аясы гимназияның не реальный [кәсіби – Ә.Ғ.] мектептердің төменгі кластарына түсіп, жалғастыруға жарамды болуы керек дейді. Оған, әрине, бастауыш мектепте оқылатын шаруа-кәсіп пен жаратылыс жайы [табиғат тану – Ә.Ғ.] көмек болары сөзсіз.

Осындай жөн-жоба түзген Ахаң «бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды» деп түйіндейді.

Алты жыл ауыл мектебінде міндетті мұғалімдік борышын атқарған А.Байтұрсынұлының, әрине, оларға көңілі тола қоймайды: «Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз». Әйтседе сол аздың өзіне зар болып қалармын дегендей, ағартушы іле-шала әлі аяғынан тұра алмай жатқан ауыл мектебін әділ бағалап, «ақтап» та алады: «Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар». Бұдан керек-жарағы толықпаған, жүйелі қалыпқа түспеген бұл бастауыш мектептердің Алаш баласы үшін аса қымбат қазына, артқы дүниеге артықша із қалдырар мирас екенін көреміз. Өйткені, ол – қазақша оқытатын, қазақша тәрбие-тәлім беретін *қазақ мектебі* болатын. Дана Ахаң да оны мақтанғыш етеді: «Бұл мектептің халыққа жақындығы – балалар білімді *ана тілімен* үйренгендігі».

Осынау 1914 жылғы тасқа басылған жолдарды оқығанда көкірегіңді шер қауып, көзіңе өксікті жас келеді. Отыз жылда есі кірмеген ағайындардың, балалары нағыз орыс мектебінде, болмаса бір замандарда «русско-киргизкая туземная школа» атанған, бүгінгі тонын айналдырған аралас мектепте оқып жатқан қандастардың алғы күндерді ойламайтындығына, бүгіннен-ақ ұлттың болашағына балта шауып жатқанына күйінесіз. Бір кезде «санымыз аз» дедік, «қазақ мектебінің сапасы нашар» дедік, ал ендігімізге жол болсын!.. Орыс мектебіне тісіміз батпағанның өзінде, дүбәра аралас мектептен арылуымызға кім кедергі?.. Қанға сіңген қаныпезер сылтау – Мәскеу ме?!

Жоқ, ағайын, жақсылық көрсем де өзімнен, жамандық көрсем де өзімнен...

Қазақша оқу жер бауырлап мешел күйінде жатқан зар заманында орыс тілін төбеге шығарып, орыс оқуына табынған Абай хәкімнің өзі интернатта оқып жатқан талай қазақ баласының «Ойында жоқ олардың / Шарифатқа шаласы» екенін ескерткенін неге естен шығардық? Өз тілінен жерінгендер я тілмаш, я адвокат болуын болар, бірақ туған халқының жоғын жоқтап, мұнын мұндайтын «Ойында жоқ олардың / Салтықов пен Толстой» бола алмайтынын неге парықтамаймыз?!

Ахаң қазақ арасындағы бастауыш мектептің мақсат-мүддесін де нақты айқындап береді: «Бастауыш мектептен оқығандар писар, учител, фелшер, адвокат, судия, инженер, агроном болам демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен мәтбуғатының [баспасөз – Ә.Ғ.] мүлкін пайдаланарлық дәрежелі біліммен қалсын. Әрі оқимын деген халде: мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілтерлік демеу һәм негіз болуға жарасын».

*Міне, Ахаңның асыл ойы, осы ұлттық мақсат-мүдде жолы бүгінгі қазақ қоғамына, жаңа Қазақстан болмысына Темірқазық етіп алар бағыт-бағдарды нұсқап тұр.*

Бүгінгі таңда біздің қолымыздан келері бір-ақ шаруа, жалғыз рәуішті іс-әрекет – еліміздегі барлық бала, күллі шәкірт, ата-анасы қай ұлттың өкілі екеніне қарамастан, бастауыш білімді бір-ақ тілде – *Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде* алуы және ол тегін болуы шарт. Ол үшін барлық мектепке дайындау орындары мен балабақшалар да бір-ақ тілде – *Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде* болуы міндетті. Өзге ұлт өкілдері мен олардың балалары қосымша оқу орындарында, тілдік үйірмелер мен жексенбілік мектептерде өз тілдерінде ақылы білім алуына кез келген Қазақстан азаматы ретінде құқылы.

Әрине, мұндай төңкерісті ұлттық мақсат-мүддеге қол жеткізуіміз үшін Білім заңын қайта қарап, міндетті түрде «Мемлекеттік тіл туралы заң» қабылдауымызға тура келеді. Темірді қызған кезінде соқ деген, отыз жылға созылған рухани мимырт жолымызды жүріп өтуді тездететін, шын мәнінде қоғамымызда «Рухани жаңғыру» болып табылатын жаңа белесті кез келгеніне күмән жоқ.



18. Ахмет Байтұрсынұв «Галия» медресесінің шәкірттерімен бірге.  
Уфа, 1916 жыл.

18. Ахмет Байтұрсынұв вместе с учениками медресе «Галия».  
Уфа, 1916 год.

18. Akhmet Baitursynov with the students of "Galiya" Madrasah .  
Ufa, 1916.

## II «ӘЛІППЕ»

Табиғат-тіршілік мәңгілік болғанымен адамзат қоғамы үнемі қозғалысқа түсіп, жаңарып, түлеп отырмақ. Ғасырлар бойы бұйығып жатқан мұсылман қауымы да бас көтеріп, XIX ғасырдың ортасынан ауа Ресей империясының Орал мен Еділ бойын, Қапқаз бен Қырымды жайлаған түркі жұрты рухани инновацияға ұмтылды, модерндетіп «жәдит» желі есті. Татардың ұлы перзенті, түркі бірлігінің негізін салушы, ағартушы Исмағыл Гаспринскийдің (8[20].03.1851 – 11[24].09.1914) ұлы идеялары барша түркі зиялыларын баурады, ол шығарып тұрған «Тәржіман» газеті [10.04.1883–23.02.1918] патшалықтың қоластындағы түбі бір, тілі ортақ бауырлардың қоғамдық-саяси жалауына айналды. Жамалетдин әл-Ауғани, Шиғабутдин Маржани, Мухаммед Абдо, Ғанасбек Зардаби, Махмудқожа Бехбуди және басқа көптеген түркі философтары мен ағартушылары И.Гаспринскийдің озық көзқарасын іліп әкеліп, одан әрі дамытты. Міне, бұлар шын мәнінде мыңдаған жылдық даңқты тарихы бар Тұран жұртының топырағынан жаралған қос ғасыр өліарасында өмір сүрген түркінің пассионерлік тұлғалары еді. Солардың қатарынан шалғайдағы Торғайдан ұшқан қыр қарлығашы Ахмет Байтұрсынұлының табылуы ұлтқа құт, намысқа шарқайрақ болды. Ысмағыл бабамыздың іс-қимылы, жазбалары, көпке ұран шашқан үн парағы барша мұсылман түркі бауырларды өркениеттің өріне сүйресе, ағартушы Ахмет қазаққа тұңғыш «Әліппе» сыйлады, тіл табиғатын жаңаша танып, төл жазуымызға реформа жасады, қазақтың бағына туған «Қазақ» газетін жарыққа шығарды...

Орынбордағы Мұғалімдер семинариясын мемлекет қаржысына бітірген ұстаз алты жыл мектепте жұмыс істеуге міндетті болатын. Ахмет Байтұрсынұлы 1895-1901 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінің шалғай ауылдағы мектептерінде мұғалім болды. 1901-1909 жылдары Қарқаралы екікластық училищесін басқарып, енді өзі мектептерге мұғалім кадрларын дайындады (1905 жылы осы Қарқаралыда мыңдаған адам қол қойған Петиция ақ патшаға жолданғаны, Ахаңның саяси сенімсіз ретінде тыңшылардың бақылауында болғаны, сегіз ай Семей түрмесіне қамалғаны, қазақ Даласына сыймай, 1910 жылдың 9-наурызында Орынборға жер ауып келгені бүгінде көпке мәлім).

Қандай да бір оқу – құралсыз болмайды. Ахаңның ұстаздық қылған жылдарындағы тәртіпті мектептерде барша пән орысша оқытылатын. Бірақ сол нан тауып жерлік орысшанның өзін амалсыз қазақ/татар тілінде меңгерместен басқа жол жоқ. Орыс тілінде сауат ашар кітаптар жетіп артылады: Н.Ф.Бунаковтың «Буквары», К.Д.Ушинскийдің талай басылым көрген «Родное слово» оқулығы, «В школе и доме» хрестоматиясы, т.б. Әрине, алғашқы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению русскому языку», миссионер И.И.Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоте для казахов» кітаптары мен алғашқы орыс-қазақ сөздіктері пайдалануда болды. Өкінішке орай, олардың қазақшасы тым мардымсыз, қазіргі көнеден жеткен мұралар деп жалған жазбаларды жариялап, насихаттап жүргендердің бетін шиедей қылатын ұғым-түсініктерге толы болатын. Мысалы, Ыбырай ағамыз аталмыш кітабында: «Первый, второй, третий және онан басқа біздің тілді «нші» қосылған сандар имя прилагательное рәуішті склоняють етіледі», – деп жазса, бұл автордың, болмаса біздің тіліміздің кемістігі емес, сол кезеңдегі ілім-біліміміздің дәрежесін, деңгей-шамасын білдіріп тұр.

Жоғарыда айтқанымыздай, Орынборға жер ауып келген ұстаз (Ахаңның газет бетінде генерал-губернаторға айтқан «рахметі» бар: «Қырда бала оқытып жүре берсем, көп болса жүз шәкірттің көзін ашар едім, бүгінде Сіздің арқаңызда газет шығарып, алты миллион Алашқа үнім жетеді») бірінші кезекте кітап бастыру, газет шығарумен шұғылданады. Әрине, ұлт қажетінің мыңнан бірі жоқ қазақ үшін бұл

онайлыққа түспейді. «Қырық мысалды» әуірімдеп 1909 жылы Петерборда, 1913 жылы Қазаннан бастырса, «Маса» 1911 жылы Орынборда, 1914 жылы Қазан қаласында жарық көрді. Ал 1905 жылы басталған ұлы майданның нәтижесінде 1913 жылдың 2 ақпанында ғана татар ағайындардың білек күшімен «Қазақ» газеті дүниеге келді. Мұны тәптіштеп айтып жатқанымыз, 1912 жылы Орынбор қаласында жарық көрген тұңғыш қазақ «Әліппесі» нақты қай жылы құрастырылды, шәкірттер арасында тәжірибеден өтіп, қолданылды деген сұрақтарға жауабымыз жоқ. Өкінішке орай, әзірше біздің қолымызға бұл мәселенің басын ашар архивтік құжаттар, болмаса сол заманның сырын ашар естеліктері түскен емес...

Сонымен қазақтың тұңғыш тәртіпті «Әліппесі» (бұған дейін де, кейін де бірқатар «Әліппелер» болған, олар туралы әңгіме бұл жолы өз кезегін күтпек) – Ахмет Байтұрсынұлының араб хәрімімен жарық көрген «Оқу құралы». Оның толық аты-жөні – *Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші кітап*. Орынбор, 1912 (40 бет). Бұл жердегі «усул сотие» – жаңа әдістеме деген мағынаны білдіреді.

Мектепте жүріп қиналған ұстаздың бұл жаңа жолға – «төте жазуға» училищеде әуелі мұғалім, кейін бастық болып жүргенінде көшкені, оны мың толғанып жетілдіргені, шәкірттер ортасында сынап көргені сөзсіз. Өйткені Ахаң айтады: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, не жазса да қиындықпен жазады, себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, қазақ сөздерін алып орыс не ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазуға үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» [2].

Бұл алғашқы төл «Әліппенің» басты озықтығы мен жетістігін бір ауыз сөзбен баяндар болсақ, араб әліпбиіндегі 28 хәріпті қазақшаға бейімдеу, әр дыбысқа жеке-жеке таңба алу. Қазақ сөздерінде қолданылмайтын, тек араб тіліне тән хәріптерден бас тарту. Қазақтың жіңішке төл дыбыстарын таңбалағанда «дәйекше»-ні қолданып, үлкен үнем жасау. Тілді оқыту мен меңгертуге қатысты терминдерді ойлап тауып, ат тағу.

Ахаң көптің де Құраннан, мұсылманшылықтан қол үзбеуін ойласа керек, ілешала жаңа «Әліпбиін» жарыққа шығарады. Ол – *Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселту үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас. Екінші кітап*. Орынбор, 1913 (52 бет). Заман талабы солай болды ма, әлде қоғамның сұранысы болмады ма, әйтеуір біз бұл «Әліппеге» жалғас екінші кітаптың қайталап басылғанын көрмедік.

Ал бірінші кітап, нағыз «Әліппеміз» талай қайталап басылды, мол данамен жаңғырып жарияланып отырды. Күні кешеге дейін осы «Әліппемен» хат таныған ағаларымыз ортамызда жүрді. Қытайдағы қалың қазақ оны әлі де тұтынуда. Негізінен Ахаңның «төте жазуы» ресми түрде мемлекет тарапынан 1924 жылы ғана бекітілгенімен, оны 1913-1929 жылдар аралығында барша бұқара тұтынды. Өйткені, біздің қолымызда «Оқу құралының» бірнеше басылымы бар:

- Екінші басылуы. Орынбор, 1914, 96 бет.
- Үшінші басылуы. Орынбор, 1916, 98 бет.
- Төртінші басылуы. Ташкент, 1922, 95 бет.

– Алтыншы басылуы. Орынбор, 1923, 72 бет.

– Жетінші басылуы. Орынбор, 1925, 72 бет.

Бұның сыртында қолымызға жақында түскен ерекше құнды жәдігер – Семей облыстық «Алашорда» советінің қолдауымен Алаш (Семей) қаласында жарық көрген «Оқу құралының» 1919 жылғы (40 бет) басылымы.

## لوگو قورالى

اصول صوتيه جولى مین ترتيب ايتلگهن

قازاقچا الفبا

عرب تېجى كىتاب

پسالار! بول جولى تېجى دانسا الفبا  
كېلگندە، موسس، بارتاب، قازاقچا دا  
بول جولى مین بارا تېجى اوزگندەى كۆپ،  
سولاردى كۆرە تىزورا تىلالانما ؟  
دانالقي اوجىه س چارقى، كېتەس بايلقى،  
جوزگندە، از دەب تاوب (آلاتوردا)  
ا. ب.

پاسىتېرورچى تېجى اوبلوسىنىڭ آلاچ-اوردا، موزابى

Издатель: Семипалатинской Обл. Сов. Собр.

А Л А Ш - О Р Д А

سېمى اوبلوسىنىڭ آلاچ-اوردا، موزابىنىڭ باشچاسى

آلاچ ئالما - ۱۹۱۹ - جىلدا

Типография Секции. Обл. Сов. \*Алаш-Орда

Сауатсыздықпен аяусыз күрес жүргізген совет үкіметіде Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесінен» қашып құтыла алмады. Ол енді «*Сауат ашқыш. Дыбыс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап.* Орынбор, 1924» (114 бет) деп аталды. Бұл үлкендерге арналған «Сауат ашқыш» түрлі суреттерімен толықтырылып 1926 жылы Семейде (83 бет) қайта басылса, бұдан кейін «*Әліп-би. Жаңа құрал*» деген атпен 1927 жылы Қызылорда-Тәшкенде (116 бет), 1928 жылы Қызылордада (116 бет), соңғы рет 1936 жылы тағы да астана Қызылордада басылып шықты.

Әрине, бұлардың баршасының басын қосып, толық тиражын есептеген ешкім жоқ әзірге. Түркістан АССР-да жанқиярлықпен ондаған төл оқулық шығарып, халықтың көзін ашқан ағартушы Халел Досмұхамедовтің де Ахаңның еңбектерін бірнеше рет ыждағатпен, мол тиражбен Тәшкен қаласында бастырып шығарып, таратқанын есте тұтсақ, бұл «Әліппелердің» қазақ халқы үшін рухани сауабы шексіз деуге қақымыз бар.

Бұл «Әліппелер» мен «Сауат ашқыштар» (үлкендер үшін) сыртында ағартушы көптеген әдістемелік құралдар жазып, «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы» кітаптарын шығарғанын келесі бір талдамада толықтыра кетерміз.

Сонымен Ағартушының жазған-сызған, баспа бетін көрген жарияланымдарына сүйене отырып, оның тұтас филологиялық (тіл мен әдебиет) ілімінің эволюциясы жақында төмендегідей сатылы жүйе түзуге болады:

– Дәстүрлі араб әліпбиіндегі көптеген таңбалардың басы артық екенін сезінуі.

– Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін (фонетикасын) ден қойып зерттеуі.

- Қазақ тіліндегі үндестік заңдылығын (сингармонизм) танып-білуі.
- «Бір дыбыс – бір таңба» немесе керісінше «бір таңба – бір дыбыс» принципіне тоқталуы.
- Қазақ әліпбиін (алфавитін) жаңаша түзуі.
- «Дәйекше» таңбасын ойлап табуы.
- Жаңа оқу әдісі (усул сотие) жолымен тәртіп етілген тұңғыш қазақша «Әліппе»
- «Оқу құралын» жазуы.
- «Оқу құралының» «Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын хәріптерді үйрету үшін» «Әліппеге» жалғас екінші кітабын жарыққа шығаруы.
- Үлкендер үшін төте жазулы «Сауат ашқышты» дайындауы.
- Қазақ мектебінің мұғалімдері үшін қосымша «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы», «Оқу құралы» (Хрестоматия. Т.Шонановпен бірге, үш басылым көрген) сынды әдістемелі құралдар құрастырғаны.
- «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын (Фонетика, Морфология және Синтаксис) қазақ грамматикасын түзуі.
- «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) атты қазақ әдебиеттануы мен фольклоры бойынша оқулық жазып, бастыруы.
- Көп еңбектерінің («Қазақ тілінің теориясы», «Мәдениет тарихы») қолды болуы және мол мұрасының тиянықты іздестірілмеуі.

Бір марқаятынымыз – ұлттың ұлы ұстазы қазақ топырағында алғаш дүниеге келген бұл ізденсті ізашар еңбектерінде әрбір ғылыми ұғым-түсінікке атаулық мән беріліп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының тұтас терминдік жүйесін қалыптастырды.

Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов ғасыр басында: «Ахаң соңғы жылдары уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған... Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран ... өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп заманауи бағасын берген-тұғын. Ағартушының осы ерен еңбегін біз қалайша ұмытамыз?! Ұлы ұстаздың «Оқусыз [бүгінше айтсақ, «білімсіз»] халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді» деген көрегендігінен қорытынды шығара алдық па?! Алаш көсемінің «Олжалы жерде үлестен қалғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» дегені алдымыздан шығып жүрмей ме?! Тағы да Ахаң айтады: «Қазақта білімді адам жоқ емес, көп; бірақ солардың көбі бар білімін халалға емес, харамға жұмсап ғадеттенген». Ойланайық, ағайын! Әсіресе бүгінгі білім күні баламыз көзін «Әліппемен» тырнап аша ма, әлде кіндігімен «Букварьға» байлана ма?! Бүгінгі күннің ең ауыр, ең салмақты сұрағы осы болса керек...

### III ОҚУЛЫҚ

Бұдан бір ғасыр бұрын тілі таза қазақша үш жылдық бастауыш мектепке зар болған Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы ауыл (қыр) мектептерінде «оқуға керек құрал жоқ, тәртіп [жүйе – Ә.Ғ.] жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ» деп сынай отырып, «екіншісінде, яғни орысша школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар – бәрі бар», бірақ сонысына қарай пайдасы аз дейді. Ақ патшаның қорлық-зорлығын да, қызылдардың қырғынын да бастан кешіп, көзбен көрген ұстаздардың ұстазын көріпкел көреген демеске шарамыз жоқ, ол бүгінгі ХХІ ғасырдың заманауи қазағының да тірлік-тынысын дәлме-дәл кейіптейді: «Олардың [школаның. – Ә.Ғ.] пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз



дейді; қазақ тұтынып отырған араб хәрпін тастатып, орыс хәрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын; ана тілімен оқыса да орыс хәрпімен оқысын дейді. Сол үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс хәрпі[мен] басылған кітаптардан бастап оқытып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар ептеп қайырмаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді» [1].

Ағартушы осы «ептеп қайырмаушылардың» қақпанынан құтылу үшін, алдымен өзіне-өзі «Қазақ бастауыш мектебіне не керек?» деген төте сұрақ қояды да, артынша өзі шығарып отырған газетіне «Мектеп керектері» атты мақала жазып [3], көкейкесті сұрақтарға жауап беруге тырысады.

Расында да осы қазақ бастауыш мектебіне не керек?! Өзге ұлттың қам-қарекетін өздеріне ысыра қойып, бір сәт шындықтың бетіне тура қарап, ақиқатын ашық айтайықшы. Жалбыр тонға жайылған жабысқақ биттей отыз жыл бойы арыла алмайтындай орыс оқуы әулие ме?! Сиам егіздеріндей орыс тіліне немеге кіндігімізбен байланып қалдық?! Ұлан-ғайыр қазақ даласының түкпір-түкпіріндегі бір түйір орысы жоқ жерлердегі аралас мектептер кімге дәру, неге зәру?! Әлде бұл елден ерек қазақ пен қырғыздың басына келген нәубет пе?! Қазақтың үш жүзіндей, ошақтың үш бұтындай славян ағайындары жан-жаққа бытырап қашып жатқанда, біздің өз еркімізбен, шын пейілімізбен аю-құшаққа құлауымыздың сыры неде?! Шынымен осы қазаққа не керек?!

Ахаңша айтсақ, қазақ мектебіне сол XX ғасыр басында, тіптен қазір де үш-ақ нәрсе керек екен.

*Біріншіден – мұғалім* («Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы... Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім»).

*Екіншіден – оқулық* («Оқыту ісіне керек құралдар қолайлы хәм сайлы болу керек... Істің толық жақсы болуына құралдар сайлы хәм жақсы болуы шарт»).

*Үшіншіден – жүйелі бағдарлама* («Мектепке керегі белгіленген программа. [Оқытудың] үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек... Үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады»).

Ал екінші керек – оқыту құралдарының өзін Ахаң тағы екіге ажыратады: 1) пұлға табылатын хәм 2) пұлға табылмайтын заттар.

Алғашқы пұлға табылатын заттар: қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер (яғни, парта, үстелдер). Бүгінгі заманның пұлға табылатын нәрселері – ғимарат (екі, тіптен үш ауысыммен оқымас үшін), компьютер, қолжетімді ғаламтор... Ертенгі өскелең заман бұдан басқа да керектерді алдымызға тартпақ. Бір өкінішті қап дегізери – сол пұлыңыздың өзі табылмай тұрғандығы!..

Келесі «қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүнияға шығару керек» [3].

Тон жағасыз, ел ағасыз болмайды. Болашағынан үміті бар ұлт ұлыларын туғызбай тұра алмайды. Өткен ғасыр басында ұлтым, жұртым деп атқа қонған Алаш арыстары арасынан қазақтың бағына туған қос бірдей ағартушы бел шешіп, білек сыбанып, осы ақша-пұлға табылмайтын құралдарды – алғашқы қазақы оқулықтарды дүнияға шығарды.

Жоқтан бар жасап, тыңға түрен салған алғашқы ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы астана Орынборда өзінің үш кітаптан тұратын «Тіл-құрал» хәм «Әдебиет танытқыш» сынды оқулықтарымен қазақ қоғамдық ғылымдарының іргетасын қаласа,

одан бір мүшел кейін туған энциклопедист-ғалым, ұлтының тән дауасы мен жан жарасының шипагері Халел Досмұхамедұлы астана Тәшкенде жалғыз өзі жанталаса жүріп, «Табиғат тану», «Адамның тән тірлігі», үш томдық «Жануарлар» атты тұңғыш төл оқулықтарымен қазақ жаратылыс тану ғылымын аяғынан тұрғызып, төл терминологиясын (пән сөздерін) қалыптастырды. Олардың ізін қуған шәкірт-тұстастары, ұлт жанашырлары ғылым-білімнің әр саласы бойынша оқулық түзіп, төл дүние тудыруға талаптанып, қолдарына қалам ала бастаған болатын...

Бір медет тұтарымыз, ұлт көсемдері, аласапыран заманда Алаш арыстары еккен дән, төккен тер босқа кетпеді. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлының ана тілін түрлеген, қазақ ұлттық мектебін қалыптастырған педагогикалық еңбектері «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болды» (М.Әуезов бағасы). Өйткені ол қазақтың жаны – ана тіліне қатысты еңбектер еді. Өйткені ол балталаса да мұқалмайтын, қай заманның да ыстық-суығына төзімді кешенді, ер-тұрманы келісті қайталанбас туындылар еді.

Кешенді дейтініміз Ахаң ана тілін қопара зерттеп, саты-сатымен, қазақы ұғым-түсінікпен туған тілдің бар ерекше қасиет-қадірін түгел ажыратып, айқындап берді. Алғашқы «Әліппелер» («Оқу құралы» атаулы) мен «Сауат ашқыштар» Ана Тілі Сарайының іргетасы болып төселсе, қабырғаларын «Тіл-құралмен» өріп тұрғызды, шатырын «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Баяншы»-лармен жапты.

Жасыратыны жоқ, мамандар арасында жүз жасаған үш томдық «Тіл-құрал» мұғалімдер сүйенер оқу құралы ғана ма, әлде тіл білімінің бастауы бола алатын ғылыми еңбек пе деген заңды сұрақ, басын ашып алар түйткіл мәселе бар. Әрине, бұған атүсті қарап, бірден үзілді-кесілді жауап беру жауапсыздық болмақ. Оның үстіне Ахаңның ілімінің негізінде тек тілтаным тараулары ғана емес, жазу, емле, орфография мен орфоэпия, фольклор мен мұратану, педагогика ғылымының сан тарау салалары дамып, өркен жайып отыр. Сондықтан ахметтану әлі де ұштала түссе, түрлі сала мамандары тереңдеп зерделеп, өз үлестерін қоса түссе деген тілек бар.

Біздің байқап, таң қалудан танбай келе жатқан Ахаңның тілтанымдық еңбектерінің бір ерекшелігі – оның қазақы табиғилығы, ұғымға жеңілдігі және атау сөз, терминдерге өте орынды, сәтті жіп тағатындығы. Қос ағартушы – Ахмет Байтұрсынұлы мен Халел Досмұхамедұлының еңбектерін алғаш қолға алған оқырманның өзі еш қиналмайды, белгісіз де белгілі бір ғажайып әлемге еніп кеткендей, бұрын білмесе де, ол туралы ешқашан ойланбаса да, оқулықты оқығанда сол жазылған құбылысты баяғыдан білетіндей бір сиқырға тап болады. Ахаңның тілтанымдық еңбектері қанша дегенмен абстрактілі дүние ғой, ал Халекеңнің анатомиясын – «Адамның тән тірлігін» (Алматы: «Арыс» баспасы, 2019) бажайлап оқып көріңізші. Бастан башпайға дейінгі дене мүшелері, олардың құрылысы мен қызметі, жүрек соғысы, қан айналысы, ас қорыту, бәрі-бәрі ғылыми негізде, бірақ қарапайым да нақты қазақы ұғым-түсініктермен жүрекке жетеді. Көз жүгіртіп шыққаныңыздың өзінде көп нәрсе есте қалады, білім ұшқынын сап етіп ұстап алғандай болып, еш қиналмастан жадыңызға жазып аласыз. Біз мұны өкінішке орай кейінгі бірнеше буынның жоғалтқан, байырғы қазақ тілінің мәйекті сөз тұнбасының қадір-қасиеті деп білеміз. Ахандардың сарқыты – Мұхтар Әуезовтің көркем ойлау жүйесі мен сиқырлы сырлы тіл әлеміне ынтамен бойласаңыз, қазіргі тіліміздің жұтаңдығын, қазақилық кеңістігіміздің қаншалықты тарыла түскенін байқар едіңіз. «Таяқтың екі ұшы бар» демей ме, әсіре сауаттығымыз кейде бізге қазақы сауатсыздыққа алып келетіндей болып көрінеді...

Хош, Ахаңның «Тіл-құралына» оралайық. Орынбор қаласында 1914 жылы «Тіл-құралдың» екі кітабы қатарынан жарық көрді. Оның бірі – «Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық» деп аталса, келесісі – «Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық».

Жоғарыда Ахаңның «Әліппесінің» бірінші кітабы Орынборда 1912 жылы, екінші кітабы 1913 жылы жарық көргенін айтқанбыз. Енді, міне, 1914 жылы баспа бетін көрген тағы жаңа қос оқулығына куә болып отырмыз. Біздіңше, мұндай хронология бұл еңбектердің жазылып біту уақытын дәл көрсетпейді, тек татар ағайындардың қол ұшын созып, баспаханалық мүмкіндіктерінің орайын тапқан сәті деп білген дұрыс.

Қос кітап та өзінің үшінші басылымында атын өзгертіп, мазмұнын нақтылай түседі: «Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі хәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы» (Орынбор, 1923) және «Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы» (Орынбор, 1923). Осылайша алғашқы оқулық бүгінгі ұғым-түсінікке сай «Фонетика», ал келесісі «Морфология» екені айқындалып тұр.

Ахаң тұңғыш кітабының «Сөз басында» тіл, жазу, оқу, оқушыларды дағдыландыру, сынау тақырыбында қысқа да нұсқа тұжырымды ойларын жеткізе кетеді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман», «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, қатта жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздердің бір-бірімен жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады».

Бірінші кітаптың сөйлеу мен сөйлемді, сөйлем мен сөзді, сөз бен буынды, буын мен дыбысты танытанын айтады. Ал дыбыс танудан хәріп мәселесі туады. Дыбыс пен хәріп мәселесінен жазу ережелері мен сөз түрлері, сөз түлғалары мен сөз өзгерулері туады. «Сөйтіп «Тіл-құралдың» 1-ші бөліміндегі дыбыс жүйесі мен түрлері деген тіл таныту бөліміне осы айтылған нәрселердің бәрі де кіреді, әрқайсысынан қысқаша бастауыштық дәрежелі білім беріледі» дейді ұстаз.

Ахаңның «Әліппесі» сияқты «Тіл-құралдар» да үлкен сұранысқа ие болды. Олардың нақты қанша рет, қанша таралыммен басылып шыққаны әлі нақтылана қойған жоқ. Біз төменде бұл кітаптардың қолымызға түскендерін таныстыра кетуді жөн көрдік.

*Тіл-құрал* (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914. – 53 бет.

*Тіл-құрал* (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918. – 32 бет.

*Тіл-құрал* (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1922. – 90 бет.

*Тіл-құрал*. Дыбыс жүйесі хәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 46 бет.

*Тіл-құрал*. Дыбыс жүйесі хәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 48 бет.

*Тіл-құрал*. Дыбыс жүйесі хәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 48 бет.

*Тіл-құрал*. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 39 бет.

*Тіл-құрал*. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертпей бесінші басылуы. – Қызылорда, 1926. – 39 бет.

*Тіл-құрал*. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертіліп, алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. – 39 бет.

«Тіл-құралдың» екінші кітабы – «Морфологияның» мазмұнына да көңіл аударсаңыз жүз жылды артқа тастап, тілімізде мәңгілікке орнаған Ахаңның терминдеріне ұшырасасыз: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, егістік, егістер, райлар, көсемше, есімше, үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай...

Морфологияның бізге белгілі басылымдары мыналар.

*Тіл-құрал* (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Орынбор, 1914 (Сыртқы мұқабада – 1915). – 120 бет.

*Тіл-құрал* (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Ташкент, 1920. – 96 б.

*Тіл-құрал* (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Қазан, 1920. – 104 бет.

*Тіл-құрал* (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. Екінші рет басылуы. – Ташкент, 1922. – 96 бет.

*Тіл-құрал*. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 128 бет.

*Тіл-құрал*. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 128 бет.

*Тіл-құрал*. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 122 бет.

*Тіл-құрал*. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. – 122 бет.

Сонау 1914 жылы-ақ бастауыш мектепте балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінетінін ашып айтқан Ахан: «Сөзді дұрыс тізіп сөйлеу, әсіресе дұрыс тізіп жазу үшінші жылдық «Тіл-құралда» айтылмақшы», – дегенімен қазақ грамматикасының соңғы тарауы – «Синтаксис» кітабы көп кейін, 1923 жылдан бастап ғана жарық көрді. Мұның себебі қазір де ғылыми ортада синтаксис саласының табиғаты күрделі саналып, оңайлықпен танып, зерттеп-зерделеуге көне бермейтіндігінен болса керек.

Үшінші тіл танытқыш кітап – Синтаксистің таралымына келсек, қолымызда мынадай мәліметтер бар.

*Тіл-құрал*. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Бірінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 68 бет.

*Тіл-құрал*. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл тантқыш кітап. Екінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 67 бет.

*Тіл-құрал*. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен үшінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 73 бет.

*Тіл-құрал*. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 73 бет.

*Тіл-құрал*. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 73 бет.

*Тіл-құрал*. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен алтыншы басылуы. – Ташкент-Қызылорда, 1928. – 72 бет.

Сонымен кеңестік тоталитарлық жүйе жолын кесіп, көшін тоқтатқан алғашқы қазақ оқулықтары мен олардың авторлары туралы әңгіме енді ғана басталды. Бүгінгі өзекжарды талап – қазақ ұлттық мектебін қалыптауға бұл мұра оқулықтардың қаншалықты пайдасы барлығы туралы ең алдымен ұстаздар қауымы үн қосса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, кеңесіп пішкен тон ешқашан келте болмас.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] «Қазақ» газеті, 1914, № 61, 9 май. – 4 б.

[2] Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013, 13-14-бб.

[3] «Қазақ» газеті, 1914, №62, 17 май. – 2 б.

### REFERENCES

[1] "Kazakh" newspaper, 1914, No. 61, May 9. – 4 p.

[2] Baitursynuly A. Problems of Kazakh linguistics. Almaty, 2013, pp. 13-14.

[3] "Kazakh" newspaper, 1914, No. 62, May 17. – 2 P.